

Е.С.Бозғұлов атындағы
№ 249 мектеп-лицей
логопедінің 2023-2024
оқу жылында атқарған
жұмыстары туралы
АНЫҚТАМА

Е.С.Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицей логопедінің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы

АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылы бойынша логопед төмендегідей қызметтер атқарды:

- ✓ 2023-2024 оқу жылында мектеп бойынша 23 сөйлеу тілінде бұзылысы бар оқушы саны жасақталды. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бар 13 оқушы, ата-аналар өтінішімен 10 оқушы қабылданды.
- ✓ Тізім жасақталған соң, оқушыларға диагностикалық тексеру жүргізіліп, сөйлеу картасы толтырылды.
- ✓ Оқушыларды бақылау мақсатында сабақтарына қатысылды. Логопедтің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.
- ✓ Логопед маманның көмегін қажет ететін оқушылармен жүргізілетін жеке және топтық сабақ кестесі жасалып, мектеп-лицей директорымен бекітілді. Оқушылардың логопед сабағына қатысуын тіркеу журналы бекітіліп, толтырылып отырды.
- ✓ 23 оқушының әлеуметтік жағдайы зерттеліп, мәлімет жинақталды.
- ✓ 2023-2024 мектеп-лицей бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар туралы мәлімет жинақталып, қажетті орынға мәлімет беріліп, НОБД-ға түсірілді.
Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы-10 оқушы
Дислалия-9 оқушы
Тұтықпа-4 оқушы
- ✓ Жоспарға сәйкес оқушылармен артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, дыбысты қою, дыбысты машықтандыру жұмыстары жүргізілді.
- ✓ Енжар және белсенді сөздік қорын дамыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін заттық және сюжеттік суреттер бойынша сөйлем құруға ынталандырылды.
- ✓ Фонематикалық қабылдау, есте сақтау үшін түрлі әуенді ойыншықтар, тұрмыстық шулар, дыбыстарды қағып ал ойындарды қолдана отырып сабақ жүргізілді.
- ✓ Логопедиялық сабаққа тіркелген логопад балалардың сынып жетекшісін ПМПК қорытындысымен және сабақ кестесімен таныстырылды.
Пән мұғалімдеріне және ұстаздарға әдістемелік көмек беру мақсатында 0-1 сынып жетекшілері үшін "Баланың сөйлеу тілі бұзылысының алдын-алу" тақырыбында әдістемелік кеңес өткізді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0RtarjALkv8toRQrpjDwuFWhV29

[br23FW9bfuGSBxYKekBPCMFiT5UYwT9r9vbFNxl&id=100068567594895&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0RtarjALkv8toRQrpjDwuFWWhV29br23FW9bfuGSBxYKekBPCMFiT5UYwT9r9vbFNxl&id=100068567594895&mibextid=Nif5oz)

✓ «Сөйлеу бұзылыстарына байланысты үлгермеушіліктің алдын-алу» тақырыбында мұғалімдерге кеңес өткізілді.

✓ 14.09.2024 ж « Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды педагогикалық-психологиялық қолдау» тақырыбында сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне отырыс өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0RtarjALkv8toRQrpjDwuFWWhV29br23FW9bfuGSBxYKekBPCMFiT5UYwT9r9vbFNxl&id=100068567594895&mibextid=Nif5oz

✓ Қатынасқа сәйкес «Бүкіл әлемдік Даун синдромы» жайлы үлестірмелі қағаздар таратылып, мектеп қызметкерлерін ақпараттандыру жұмысы жүргізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0gUxoTqY7nKe78yHuxo5QHCQE Dinn7fVRqno1yyBDEkZYNmp5Dx8kJmrDLqrJmPqsl&id=100068567594895&mibextid=Nif5oz

✓ Сұранысқа сәйкес сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне жеке кеңестер беріліп, қажетті ұсыныстар айтылды.

✓ 4-а сынып оқушысы Әмірхан Тәснимнің Аудан әкімінің шыршасына қатысуы қамтамасыз етілді.

✓ Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қолдау мақсатында «Ғажайып жаңа жыл» атты аппликациялық сайыс өткізілді. Сайыс соңында оқушыларға номинация беріліп, сыйлықтармен марапатталды.

✓ «Менің әлемім» атты психо-социум орталығының апталығы ашылды.

<https://www.facebook.com/share/v/ArskNTuWu5bBozt6/?mibextid=oFDknk>

✓ «Менің әлемім» атты психо-социум орталығының апталығы аясында «Білемісің балақай » танымдық ойыны өткізіліп, әр дұрыс жауапқа оқушыларға тәтті сый берілді.

<https://www.facebook.com/share/v/XEEsozaYSQdgQD7w/?mibextid=oFDknk>

✓ Оқушылармен « Квест» ойыны жүргізілді.

✓ «Ғажайып сурет әлемінде» атты сурет байқауы өткізілді. Байқау соңында оқушыларға марапат беріліп, сыйлықтар табыс етілді.

✓ Қазалы ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен үйден оқитын үш оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар таратылды.

«Менің әлемім» атты психо-социум орталығының апталығы аясында ата-ана мен баланың арасындағы ынтымақтастықты арттыру үшін «Баламмен керемет әлемім» атты отбасылық сайыс өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/yQu7J5qgRwzZzLFW/?mibextid=oFDknk>

- ✓ Ата-аналарға ақпараттық кеңес беру мақсатында «Артикуляциялық жаттығулар-сөйлеу тілін түзетудің басты құралы», «Балалардағы сөйлеу тілі бұзылысын алдын-алу» тақырыбында үлестірмелі материалдар таратылды. Сонымен қатар, біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, білімімді жетілдірдім. Атап айтсам, «Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру бойынша арнайы педагогтың кәсіби құзіреттілігін дамыту» (25.09-06.10.2023ж) Өрлеу. Қазалы
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02fYggB8B4npUEx9ZPzQca5PnHiuTBMNu9VcdMb5sZe8GUE6BdL9ALthEeMKu3BME4l&id=100009408882196&mibextid=Nif5oz
- ✓ «Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша логопедиялық жұмыстың мазмұны» (26.03-05.04.2024ж) Өрлеу. Қызылорда
- ✓ «Инклюзивті білім беру моделі» 72 сағ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі (13.06-03.07.2024 ж). Түркістан
Кәсіби байқауларға қатысып жеңімпаз атандым. Атап айтсам, аудандық «Педагогикалық идеялар» байқауының «Психолог сандықшасы» бағыты бойынша II орын иелендім. <https://www.facebook.com/share/p/BFJ8zop8nMuidakd/>
- ✓ Аудандық «Педагогикалық оқулар» байқауының «Білім берудегі жаңашылдық» бағыты бойынша Бас жүлде иелендім.
- ✓ Аудандық ғылыми жобалар байқауы Алғыс хат.
- ✓ 2023-2024 оқу жылында сөйлеу тілінде бұзылысы бар оқушылардың логопедтің түзету сабағына қатысу нәтижесінде жыл соңында оқушылармен жүргізілген жұмыстар психологиялық-педагогикалық қолдау отырысында талданды. 23 оқушыдан 14 оқушы сөйлеу тілі толық түзеліп, 4 оқушы ата-ана қолхатымен, 4 оқушы басқа мектепке ауысуына байланысты тізімнен шығарылды.

№ 249 мектеп-лицей логопеді:  К.Бимурзаева